

"Аң аулау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/157 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2025 жылғы 27 наурыздағы № 74 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 28 наурызда № 35871 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Аң аулау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпанды № 18-03/157 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11091 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 9-бабы 1-тармағының 57) тармақшасына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:";

Аң аулау қағидаларының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Аң аулау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау тәртібін және мерзімін белгілейді.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Аң аулау қағидаларына 11-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Экология және табиғи ресурстар министрі

E. Нисанбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ғылым және жоғары білім министрлігі

Қазақстан Республикасының

Экология және табиғи

ресурстар министрі

2025 жылғы 27 наурыздагы

№ 74 бұйрыққа

қосымша

Аң аулау қағидаларына

11-қосымша

Аң аулауды өткізу мерзімдері

Жануарлар түрлері	Аң аулау мерзімдері
Су тышқан (ондатра)	1 қазаннан 15 ақпанға дейін
Кәдімгі тиін	20 қазаннан 15 ақпанға дейін
Қарсақ, тұлқі, бұлғын, құну, сарғыш күзен, акқалак, аккіс, сары күзен, сасық күзен, американ су күзені, кәмшат (ортаазиялықтан басқасы), сілеусін (түркістандықтан басқасы), жанат, қоян (ақ қоян, ор қоян)	1 қарашадан 15 ақпанға дейін (аң аулайтын ит түрлерімен және аушы жыртқыш құстармен қарсақ, тұлқі және қоян аулау солтүстік аймакта** 15 қазаннан бастап)
Құм қоян	1 қарашадан бастап, 31 қантарды қоса алғанда
Зорман (сары тышқан)	ұйқыдан шыкқаннан бастап, 30 сәуірге дейін
Суырлар*	5 маусымнан бастап ұйқыға кеткенге дейін онтүстік аймакта*** 15 маусымнан бастап ұйқыға кеткенге дейін солтүстік аймакта**
Шалшықшылар, жылқышы	1 шілдеден бастап 30 қарашага дейін (аталық жылқышыны көктемгі аулауға 1 наурыз бер 30 сәуір кезеңінде 15 құнтізбелік күннен аспайтын мерзімге рұқсат етіледі)
Бөдене, кептер, түркептер	20 тамыздан бастап 30 қарашага дейін (аң аулайтын иттермен және аушы жыртқыш құстармен 15 шілдеден бастап ұшып кеткенге дейін бөдене аулау)
	Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары – тамыздың соңғы сенбісінен 30 қарашага дейін.

Маймақаз, каз*, карашақаз, үйрек*, каскалдақ	Ақтөбе, Алматы, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда облыстары қыркүйектің бірінші сенбісінен бастап 15 желтоқсанға дейін. Атырау облысы – 15 қыркүйектен 15 желтоқсанға дейін. Маңғыстау, Түркістан облыстары – қыркүйектің екінші сенбісінен 31 желтоқсанға дейін. (аталық үйректерді көктемгі аулауга 1 наурыз бер 15 мамыр кезеңінде 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге рұқсат етіледі)
Шіл (аккүр, тундралық, сұр, далашілі, сақалдышил), шіл	қыркүйектің алғашқы сенбісінен 30 қарашаға дейін
Құр	қыркүйектің бірінші сенбісінен 15 желтоқсанға дейін (15 тамыздан бастап аңшылық иттермен және құстармен аң аулау) (аталықтарды көктемгі аң аулауга 1 наурыз бер 15 мамыр аралығында 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде рұқсат етіледі)
Қоңыр аю (тянь-шань аюынан басқа)	қыркүйектің алғашқы сенбісінен 30 қараша аралығында аталықтары мен қысыр қалған аналықтарын көктемгі аулауга 15 сәуір мен 15 мамыр кезеңінде 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге рұқсат етіледі. (тұрғындардың денсаулығы мен өміріне қатер төнген, материалдық залал келтірген жағдайда, үекілетті органның және жерілікті атқарушы органдардың мамандандырылған ұйымдарының аң аулау мерзімдерінә қарамастан қоңыр аюды атуға жол беріледі)
Борсық	оңтүстік өнірлерде 1 қыркүйектен бастап 15 желтоқсанға дейін***, солтүстік өнірлерде 1 қыркүйектен бастап 15 қарашаға дейін**
Жанат тектес ит	1 қыркүйектен үйқыға кеткенге дейін
қабан, құдыр	қыркүйектің алғашқы сенбісінен 31 желтоқсанға дейін
Сібір елігі, сібір тау ешкісі, марал, аскания бұғысы, бұлан	15 шілдеден аталықтарына, 15 қыркүйектен 31 желтоқсанға дейін аналығы мен төлдеріне
Санырау құр	1 қазан мен 30 қараша аралығында, аталықтарын көктемгі аулауга 10 сәуір мен 15 мамыр кезеңінде 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге рұқсат етіледі
Гималай ұлары, кекілік	1 қазаннан бастап 15 желтоқсанға дейін
Құндыз	15 қыркүйектен 30 қарашаға дейін
Қырғауыл	1 қарашадан бастап 31 желтоқсанға дейін (аң аулайтын иттермен және аушы жыртқыш құстармен 1 қазаннан бастап)
Касқыр	1 қарашадан бастап 1 наурызға дейін

Ескертпе:

* – Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген түрлерден басқа.

** – солтүстік аймақ: Ақмола, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары, Қарағанды облысының Осакаров, Бұқар жырау, Нұра, Қарқаралы, Абай аудандары, Шығыс Қазақстан облысының Құршім, Катонқарағай, Ұлан, Алтай, Глубокое, Шемонаиха, Үлкеннарын, Марқакөл аудандары, сондай-ақ Риддер қаласының әкімшілігіне бағынысты жерлер, Абай облысының Абай, Бесқарағай, Бородулиха, Жарма, Қекпекті, Жаңасемей аудандары, сондай-ақ Семей қаласының әкімшілігіне бағынысты жерлер.

*** – оңтүстік аймақ: Алматы, Атырау, Жамбыл, Жетісу, Қызылорда, Маңғыстау, Түркістан, Ұлытау облыстары, Қарағанды облысының Шет, Ақтогай аудандары, Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай, Зайсан аудандары, Абай облысының Ақсуат, Аягөз, Үржар, Мақаншы аудандары..

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК